

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ЖАҒДАЙЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ
ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ

**ФОРМИРОВАНИЕ ОСНОВ БЕЗОПАСНОГО ПОВЕДЕНИЯ
ДЕТЕЙ В УСЛОВИЯХ ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ**



Астана, 2018 ж.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығында әзірленген

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балалардың қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру әдістемелік ұсынымдары – Астана, 2018 ж. – 60 бет.

Пікір жазғандар:

Т. Байназарова п.ғ.к.

Ф. Даримова меңгеруші

Р. Кушербаева әдіскер

Әдістемелік ұсынымдарда мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларды төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына тәрбиелеу бойынша материал ұсынылған.

Аталған құрал мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2018 ж. 5 сәуірдегі № 3 хаттама).

«Мектепке дейінгі балалық шақ»
республикалық орталығы, 2018.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Соңғы жылдары қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру аса өзекті мәселе болып отыр. Бұл мәселеге білім беру ұйымдарының барлық түрлері мен деңгейлерінде ерекше көңіл бөлінеді. Мектеп жасына дейінгі балалар түрлі қауіпсіздікке жиі ұшырайды. Олар өздерінің физикалық күші мен интеллектуалды-тұлғалық мүмкіндіктерін, қауіпті жағдайды бағалай алмайды, бірақ қауіпсіздік негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін жаңа тәжірибені үйренуге қабілетті болып келеді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде М.А. Котиктің, М.И. Дьяченконың, И.А. Халиуллинаның, Т.Г. Хромцеваның зерттеулерінде қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру тәжірибесі баяндалады. Осы мәселені зерделеуге Р.Б. Стеркина, О.Л. Князева, И.Н. Авдеева елеулі үлес қосты.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу үшін әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіз екендігін, олар жалпы сипаттама түрінде берілгендігін, мектепке дейінгі балалық шақтың нақты жас кезеңдерімен сәйкес келмейтіндігін көрсетті. Жаңа дәуір адамның тыныс-тіршілігіне ерекше, жаһандық қауіптердің пайда болуымен сипатталады. Бұл Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған «Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» ұйымдастырылған оқу қызметін енгізуге әкелді.

Мақсаты: Педагогтер мен ата-аналарға төтенше жағдайлар кезі қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына тәрбиелеу бойынша жұмыстың түрлері мен құралдарын қолдану;
- мектепке дейінгі ұйым аумағында және топтарда сәйкес заттық дамытушы орта ұйымдастыру;
- балаларды қауіпсіздік көздерімен, қауіпті жағдайларда сақтық және әрекет ету шараларымен таныстыру;
- балаларда төтенше жағдайлар кезінде саналы қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Адамдардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіруі мүмкін түрлі қауіп көздері болуы мүмкін: үй заттары, электр тоғы, от, қыздырылған заттар, ыстық су, азық - түлік, тұрмыстық химия, түрлі көлік құралдары, үй және жабайы жануарлар, кейбір жәндіктер мен өсімдіктер, күн шуағы, төмен ауа температурасы, суға бату және т.б

Әдістемелік ұсынымдар келесі бөлімдерден тұрады: «Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастырудың негізгі әдістері мен құралдары», «Балаларды көшедегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына баулу», «Балаларға өрт қауіпсіздігі

қағидаларын үйрету», «Мектепке дейінгі ұйымдардың терроризмге қарсы қорғалуы », «Қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру бойынша ата-аналармен жұмыс түрлері».

Бұл материал баланың қауіпсіз мінез-құлық негіздері бойынша білімдерін жүйелеуге, тәрбиешінің жұмыс мазмұнына балалардың өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ететін тұрмыс жағдайлары мен төтенше жағдайларда мінез-құлық ережелерін игеру бойынша неғұрлым тиімді әдістерді енгізуге ықпал етеді.

ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

Ғылыми әдебиетте қауіпсіздік ұғымының көптеген әртүрлі анықтамалары қолданылады. С. И. Ожеговтың сөздігінде «қауіпсіздік» термині «қауіптен қорғайтын, қауіп төніп тұрмаған жағдай ретінде түсіндіріледі, яғни «қауіпсіздік» ұғымы тек қана қауіптіліктің әлеуетті құрбандарымен тікелей байланысады.

Педагогикада қауіпсіздікті «жеке тұлғаның, қоғамның, ұйымның, кәсіпорынның өмірлік маңызды мүдделерін әлеуетті және шынайы төнген қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі немесе мұндай қауіп-қатерлердің болмауы» деп түсіну қабылданған.

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру ересек тобынан бастап «Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастырудың негізгі әдістері: көрнекілік (қауіпсіздік ережелері және оларды бұзудың салдары туралы түсініктерін бекіту үшін тиімді болып келеді), сөздік, ойын (сюжетті-рөлдік, қимылды, дидактикалық ойындар), практикалық (жаттығулар, тәжірибелер, модельдеу).

Оқытудың негізгі формалары мен тәсілдері:

- экскурсиялар;
- мақсатты серуендер
- жорықтар;
- қимылды, дидактикалық, сюжетті-рөлдік, театрландырылған, проблемалық ойындар;
- ойын-жарыстар;
- ойдан оқиға құрастыру;
- бақылаулар;
- әңгімелесулер;
- балалар көркем әдебиетін оқу;
- жаттығулар, тренингтер;
- иллюстрациялар қарау;
- бейнесюжет көру;
- берілген жағдаяттарды талдау;
- тапсырмалар орындау;
- эксперимент жасау.

Оқыту құралдары:

- плакаттар;
- иллюстрациялар;
- түрлі жағдаяттарды бейнелейтін сюжетті суреттер;
- қиылған суреттер;
- мозаика;

- үстел үсті ойындары, дидактикалық ойындар;
- компьютерлік таныстырылымдар;
- жеке жұмысқа арналған карточкалар;
- милиционер, дәрігер, өрт сөндіруші, бағдаршам костюмдері;
- бейнесюжеттер, мультфильмдер;
- ойыншық көліктер (автобустар, жүк, жеңіл, өрт сөндіру, жедел жәрдем көліктері.);
- көлік құралдары: (самокаттар, скутерлер, скейтборд, велосипедтер);
- көше мен жолды бейнелейтін үстел үсті макеті;
- альбомдар;
- практикалық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне арналған автоалан;
- жол белгілері;
- дәрі қорабы;
- құтқару қызметтері телефондарының карточкалары (101, 102, 103);
- телефон;
- қимылды ойындар картотекасы (мысалы, «Торғайлар мен автокөлік»);
- тақырып бойынша көркем әдебиет таңдау;
- сауық-кештердің сценарийлері;
- жылжымалы папкалар;
- ата-аналарға арналған кеңестер топтамасы.

Бұл әдістер мен тәсілдер өтпелі тақырыптарға сәйкес айқындалады. Мысалы, түрлі әдістемелік тәсілдерді қолданып, өтпелі тақырыптар арқылы «Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» ұйымдастырылған оқу қызметінің міндеттерін қалай іске асыруға болады:

-«Балабақша» балаларды балабақша аумағындағы ғимараттармен таныстырады («Балабақшаға келетін жол» жоспар-сызбасын құрастыру, таңба-белгі жүйесін, шығармашылық әңгіме құрастыру және т.б.);

-«Қоршаған орта»: бейнеролик көру: «Мұздағы қауіп-қатер», (суреттер қарастыру, әңгімелесу, жағдаяттарды бейнелеу);

-«Табиғат әлемі»: Ойын әрекеті: «Сен жарақаттандың» (әңгімелерді, жағдаяттарды бейнелеу);

-«Техника және біз!»: мультфильмдер көру: «Электр құралдарын сөндіру», «Электр құралдарын пайдалану ережелері», (үтік, шаңсорғыш, электр плитасы, миксер, электр шамы, магнитофон, телевизор, розетка бейнеленген суреттерді қарастыру; электр құралдары туралы жұмбақтар ойлап табу);

«Мен және қоршаған орта» Тренинг «Көмек көрсетеміз». Жедел жәрдем 103 (жағдаяттарды, әңгімелерді бейнелеу, ойын-тренинг).

БАЛАЛАРДЫ КӨШЕДЕГІ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫНА БАУЛУ

Балалар-жол қозғалысына қатысушылардың ең әлсіз категориясы. Сондықтан көшедегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына баулу кіші жастан басталуы тиіс.

«Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары балаларды жол қауіпсіздігі ережелерімен таныстыруды қамтиды. Қоғамдық орындарда дұрыс мінез-құлық дағдыларына тәрбиелеу мектеп жасына дейінгі балаларға көшелерде, жолдарда және көлікте қауіпсіз әрекет ережелерін үйретуді қарастырады.

Балаларға жол қозғалысының қауіпсіздігі негіздерін үйрету бойынша тәрбиелік-білім беру жұмысының мақсаты оларда көшедегі қауіпсіз мінез-құлықтың қалыпты, жағымды әдеттерін тәрбиелеуге қажетті біліктер мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Білім беру процесін:

- балалар көлік және жаяу жүргіншілер қозғалысын, жол белгілерін, бағдаршамдарды, жаяу өтпе жолдарды бақылайтын мақсатты серуендер кезінде жол кеңістігін тікелей қабылдау арқылы;

- жол тақырыбы бойынша арнайы дамытушы және үйретуші ойындар барысында жүзеге асыру ұсынылады.

Баланың ненің дұрыс немесе бұрыс екенін түсінуі, өзінің және өзгелердің қылықтарына саналы қатынасы сияқты дағдылары мен әдеттерін дамыту маңызды. Сондай-ақ, мектеп жасына дейінгі балаларда өздерінің реніштерімен, талап-тілектерін тежей білу әдеттерін (мысалы, қауіп төнгенде қашу және т.б.) қалыптастырудың маңызы зор. Оларға балабақша шегінен тысқары шығып кетуге болмайтынын, көшеге тек қана ересектермен шығуға болатынын және міндетті түрде ересектің қолынан ұстауы тиіс екендігін түсіндіру қажет. Балаларды үнемі: жол қозғалысы тақырыбы бойынша қауіпті және қауіпсіз жол жағдаяттарын талдауда, ұйымдастырылған оқу қызметтері, ойындар, серуендер, арнайы жаттығулар, дамытушы қимыл дағдылары барысында, сурет бойынша альбомдарда тапсырмаларды орындауда, штрихтар жүргізуде, құрастыруда тәрбиелеп отыру керек.

Балалар өздері барлығын көруі, естуі, ұстап көруі және тануға ұмтылысын іске асыруға тиісті жұмыста дәстүрлі түрде қолданылатын көрнекілік ұстанымының маңызы ерекше.

Осылайша, Үлгілік бағдарлама көшедегі қауіпсіз мінез-құлықтың пайдалы дағдылары және әдеттерін қалыптастыру мен дамытуды өзіне мақсат етіп қояды.

Дидактикалық ойындар балалар жолда бағдарлай білуі үшін қажетті біліктерін, танымдық қабілеттерін дамытуға:

- көлік жақын келетін қауіпті жерлерді байқауға;
- көліктің көлемін ажыратуға;
- жақындап келе жатқан көлікке дейінгі арақашықтықты анықтауға;
- жол белгілеріне, бағдаршам белгілеріне сәйкес бағдарлауға;

-жедел қызмет нөмірін теруге;

-өз ойларын байланыстырып жеткізе білуге ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке дамуының түрлі деңгейін ескере отырып, жұмыс олардың қызығушылықтары ескеріліп, жүргізілуі тиіс.

Балабақшада әр топта «тәуекел тобына» енетін балалар бар екендігін ұмытпау керек. Бұл шектен тыс қимыл-қозғалыстары белсенді балалар немесе керісінше, қимыл-қозғалыстары тежеулі балалар болуы мүмкін. Балалармен жұмысты тәрбиеші олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жүргізеді және міндетті түрде ата-аналарымен кеңестер ұйымдастырады.

Балаларды диалогке белсенді түрде қатыстыруға бағытталған оқытудың интерактивті әдісін қолдану тиімді болып келеді. Осы әдістің көмегімен тәрбиеші балаларға көлік және жаяу жүргіншілер қозғалысын көз алдарына елестетуге, нақты жағдайларда қауіпті және қауіпсіз әрекеттерді түсінуге, оларда көрнекі ақпаратты бақылауға, салыстыруға, талдауға, жалпылауға және қорытындысында оны шынайы жол оқиғаларына ауыстыруға көмектеседі.

Бір жас тобынан келесі жас тобына өткенде балада көшедегі қауіпсіз мінез-құлық негіздері бойынша белгілі бір білімдері болуы тиіс, осылайша білімдерін кеңейтіп, олар мектепте барғанда көшеде бағдарлай білуі және жол қозғалысы ережесін анық білулері қажет.

Кіші топта қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыруды серуенде өткізген жөн (балалар өздері көру үшін).

Серуенде тәрбиеші балаларға жаяу жолды, жолдың жүретін бөлігін көрсетеді, олардың мәнін түсіндіреді. Балалар кімді жүргізуші, жаяу жүргінші, жолаушы деп атайтынын біледі. Бағдаршам туралы түсінік бергенде қозғалысқа тыйым салатын қызыл және сары белгілердің және қозғалысқа рұқсат ететін жасыл белгінің мағынасын түсіндіреді.

Сондай-ақ, мектеп жасына дейінгі балалар көлік қозғалысын, жаяу жүргіншілерді бақылайды, көлік түрлерін атауы және көлемі (үлкен/кіші) бойынша ажыратуға үйренеді: жеңіл автокөлік, трамвай, автобус, троллейбус және т.б. Педагогтің балаларға шынайы автокөліктердің оларға таныс ойыншық автокөліктермен салыстырғанда қауіпті екенін түсіндіруі маңызды.

Жол жағдаяттарын көрнекі модельдеуге жүгіну пайдалы. Ең тиімді әдіс-балаларға әрбір әрекетті дауыстап айтатын машиналармен ойындар ойнату (автокөлік бұрылды, артқа шегінді, жылдамдығын ұлғайтты және т.б.).

Балалардың кеңістікте дұрыс бағдарлауын дамыту үшін оларды заттардың тұрған орнын (оң жақта, сол жақта, алдында, артында, жоғарыда, төменде), олардың өлшемдерін анықтауға, заттарды осы параметрлер бойынша салыстыруға үйрету керек.

Осындай әрекеттер нәтижесінде олар бағдаршам, көлік, жол туралы білім алады. Балалар көшеде жүргенде ересектің қолынан ұстауға әдеттенеді. Мектепке дейінгі орта жастағы балалармен серуенде төңіректі бағдарлауға үйрету балабақша аумағын бағдарлаудан басталуы тиіс. Сонымен қатар, тәрбиеші міндетті түрде балабақша аумағынан тысқары шығуға болмайтынын түсіндіруі керек.

Мектепке дейінгі ұйымның аумағынан тыс серуенде балалардың көлік құралдары, олардың түрлері және құрылымдық ерекшеліктері туралы білімдері кеңейтілуі тиіс. Тәрбиеші балаларға жаяу жүргіншілерге қауіпсіз көше бөліктерін: жаяу жолды, жаяу жүргінші жолын, ересектің қолынан ұстап өтуге болатын жолдың жүретін бөлігін көрсетеді.

Көшеде көзбен шамалауды және көздің қырымен көруді дамытуға арналған жаттығуларды жүргізу пайдалы. Осылайша, балаларда жолдағы қауіпті сезіне білулері және ажырата білулері қалыптасады.

Топта педагог балаларға жол жағдаяты туралы әңгіме құрастыруға тапсырма береді. Мысалы, балалардың машинамен қалай жүріп келгендерін (автобуста, трамвайда және т. б.) немесе балабақшаға қалай жаяу келгендерін әңгімелеп берулеріне болады. Тәрбиеші балалардың көшеде қандай орындар қауіпті болып табылатыны туралы түсініктерін бекітеді, сондай-ақ балалардың жол қозғалысына байланысты сөздерді қаншалықты жақсы игергенін анықтайды.

Түсіндіру барысында көрнекі материал: қауіпті жағдайлар бейнеленген кітаптар мен плакаттарды қолдану тиімді.

Бес жасқа қарай балалардың көшедегі қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы түсініктері кеңейтіледі, жолда болып жатқан оқиғаларды бақылау дағдылары қалыптасады.

Ересек топта балаларды жол қозғалысы және жаяу жүргіншілердің ерекшеліктерімен таныстыру жалғасады. Балалардың тәрбиешілердің қатысуымен балабақша аумағында еркін бағдарлай білулері бекітіледі. Олар ата-аналарының балабақшаға қандай бағдарлық көлікпен келетінін түсіндіре білулері керек.

Мектепке дейінгі ұйым аумағынан тыс серуендер кезінде балалардың назарларын басқа жаяу жүргіншілердің дұрыс және бұрыс әрекеттеріне аударту ұсынылады. Педагог кейбір жаяу жүргіншілердің бұрыс әрекеттерін, неліктен олардың әрекеттері қауіпті және қауіпсіз жағдайда болу үшін не істеу керек екенін балалардың өздері әңгімелеп бере алатындарын бақылауы тиіс.

Ірі және шағын көлемді көліктердің: үлкен жүк көліктерінің, автобустың, троллейбустың және үлкен көліктердің артынан көрінбейтін жеңіл автокөліктердің, мотоциклдердің қозғалыс ерекшеліктеріне балалардың назарын аударту. Педагог егер жаяу жүргінші белгіленбеген орында жолдан өтсе, ол үлкен көліктің артында жоғары жылдамдықпен келе жатқан мотоциклді, жеңіл көлікті көрмей қалуы мүмкін екендігін түсіндіреді. Автокөлік (мотоцикл) жүргізуші де егер жаяу жүргінші белгіленбеген орында жолдан өтсе көрмей қалуы мүмкін. Нәтижесінде көліктің жаяу жүргіншіні қағып кетуі орын алады.

Қызықты және тиімді жұмыс түрі балалардың көшедегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын автоматтандыруға дейін жеткізетін рөлдік ойындар болып табылады.

Тәрбиеші балаларды макеттің айналасына орналастырып, оларға қала, көше, бағдаршам, жаяу жүргінші жолы туралы әңгімелеп беруіне болады. Жаяу жүргіншілер мен көлік пішіндерін қолданып, жол қозғалысы ережесін бұзған жағдайда не болатынын көрнекі түрде көрсету. Өзін көшеде және жолда қалай

дұрыс ұстау керектігін түсіндіру, көше қиылыстарындағы көліктің қауіпті бұрылыстарын көрсету.

Даярлық топтың балаларына ерекше көңіл бөлу керек, олар- болашақ мектеп оқушылары, мектепке барғанда өздері жолдан өтіп, жаяу жүргінші мен жолаушының міндеттерін орындайтын болады. Бұл топта таным процестері: зейінді, қабылдауды, қиялды, ойлауды, есті, сөйлеуді дамытуға арналған ұйымдастырылған оқу қызметтері жалғасады.

Даярлық топ балаларының кеңістік аралығын және кеңістікте бағдарлауды қабылдау қабілеттерін дамыту қажет. Олар жүргізушінің, жаяу жүргінші мен жолаушының әрекеттеріне өздері баға бере білулері, көшедегі қауіп-қатерді көре білулері тиіс.

Осы жастағы балалар жол жағдайын көру, есту (бағдаршам белгісін көрді, автокөлік жүргізушісінің ескерту дыбыстық белгісін естіді және т.б.) арқылы бақылай білуге, бағалай білуге, жолдағы қауіпті орындарды түсіндіре білуі тиіс.

Топтардағы заттық-дамытушы орта мазмұны:

Бірінші кіші топ (2-3 жас): көлік құралдарының ойыншықтар жиынтығы, көлік құралдары бейнеленген иллюстрациялар, қызыл және жасыл түсті дөңгелектер, жаяу жүргіншілер бағдаршамының макеті, «Көлік» сюжетті-рөлдік ойынға арналған атрибуттар (түрлі-түсті рөлдер, төс белгілер, көлік түрлері бейнеленген желеткелер), дидактикалық ойындар «Машина құрастыру» (4 бөліктен), «Бағдаршам».

Екінші кіші топ (3-4 жас): бірінші кіші топтың жол қозғалысы қауіпсіздігі бұрышында бар заттарға: «Жолаушылар қандай көлікпен жол жүреді», «Ұқсас суретті табу» көлік түрлерін топтастыруға арналған ойындар үшін суреттерді, жаяу жол мен жолдың жүретін бөлігі көрсетілген көшенің қарапайым макетін, көлік бағдаршамының макетін қосу ұсынылады. *Ортаңғы топ (4-5 жас):* екінші кіші топтың жол қозғалысы қауіпсіздігі бұрышында бар заттарға: ауыстыру белгілері бар бағдаршам макетін, «Өз түсінді тап», «Бағдаршам құрастыр» дидактикалық ойындарын, жаяу жүргіншілер жолы көрсетілген көше макетін қосуға болады.

Ересек тобы (5-6 жас): ортаңғы топтың жол қозғалысы қауіпсіздігі бұрышында бар заттарға: алмалы-салмалы заттары бар көше қиылысының макетін, «Жаяу жүргіншілер өтпесі», «Жер асты жаяу өтпесі», «Автобус тоқтайтын орын», «Балалар», «Жаяу жүргіншілердің жүруіне тыйым салынады», «Велосипедпен жүруге тыйым салынады», «Велосипед жолы», «Орын бер», «Аурухана», «Телефон», «Тамақтану пункті» жол белгілерінің жиынтығын, «Белгілер нені білдіреді?», «Қиылыс», «Біздің көше» дидактикалық ойындарын, «қауіпті жағдаяттар» картотекасын қосуға болады.

БАЛАЛАРҒА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАҒИДАЛАРЫН ҮЙРЕТУ

Бала өмірінің қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау – мектепке дейінгі ұйымдардың басты міндеттерінің бірі. Баланы қауіп-қатерден қорғау ғана емес, сондай-ақ қауіпті жағдайлар, сақтық шараларын сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына баулу маңызды.

Кемерово қаласында «Зимняя Вишня» сауда орталығында болған оқиғада 64 адамның, соның ішінде 44 баланың қайтыс болуына байланысты бұл жағдай өзекті мәселе болып отыр.

Орман апатынан тұрғын үйлер, ормандар, халық шаруашылығы нысандары жойылады. Көбінесе балалар тентектік жасап, өрттің шығуына себепкер болады, нәтижесінде өздері де өрттен зардап шегулері, кей жағдайларда қатты күйік шалғаннан қайтыс болулары да мүмкін. Осындай қайғылы жағдайлар орын алмау үшін өрт қауіпсіздігі ережелері мұқият орындалуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңы (13.06. 2017 ж. өзгерістерімен және толықтыруларымен) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың және олардың зардаптарының алдын алуға және жоюға, төтенше жағдайлар аймағындағы халыққа жедел медициналық және психологиялық көмек көрсетуге, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысы) мектепке дейінгі ұйымдар педагогтері жұмысының мақсаты: балалардың отпен абай болу және өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтау қажеттілігін түсіну дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

- балаларға өрттің шығу себептері туралы бастапқы мәліметтер беру;
- өрт қауіпін көздерімен, өрт туындату қауіпі бар заттардың қасиеттерімен, сапаларымен таныстыру;
- өрт сөндірушілер еңбегі, олардың кәсіби қызметтері туралы түсінік беру;
- «101», «102», «103», «104», «112» құтқару қызметтеріне хабарласуға үйрету;
- балаларға өрттің шығу жағдайында қауіпсіз мінез-құлық ережелерін: топ бөлмесі, пәтер кеңістігінде бағдарлай білуге, өрт кезінде әрекет етуге, «101» құтқару қызметін шақыруға үйрету;
- өрт сөндіруші мамандығына құрметпен қарауға тәрбиелеу;
- өз өмірі мен денсаулығын қорғауға, өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Ойын мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ойын барысында балаларға көрнекі түрде өрт шыққан жағдайда қайда қоңырау шалуды, өрт сөндірушілерді қалай дұрыс шақыруды, қайғылы жағдай болмас үшін өрт кезінде не істеу керектігін және өзін қалай ұстауды түсіндіру.

Сюжетті-рөлді ойындардың ерекшелігі-барлық балалар алдын ала ойын сюжеті аясында рөлдерді, сондай-ақ алған рөлінің әрекеттерін дайындауға арналған материалдарды алуы болып табылады. Балалар қызығушылықпен жана

ақпаратты меңгереді және тәрбиеші ұсынған рөлдік ойындарға белсенділікпен қатысады.

Педагогтер әдеби кейіпкерлерді мысал ретінде қолданып, олардың мінез-құлқы мен қылықтарын талдай отырып, балалардың осы жағдайда қандай әрекет жасайтындарын сұрау.

Балалар қағазды жағып тәжірибе жүргізу кезінде оттың не екенін немесе оттың неден қорқатынын және өртті сөндіруді үйренгендерін анықтайды.

Мультимедиялық презентацияларды қолдану балаларға шынайы өмірдегі оқиғалар мен құбылыстарды көрсетуге, қоршаған ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Сіріңке қорабының зияны» дидактикалық ойын барысында балаларда: сіріңке, оттық, газ плитасы, пеш, электр құралдары, яғни балалардың пайдалануына тыйым салынатын заттар туралы түсініктер қалыптасады.

Педагог балаларға «Жаңалықтар» бағдарламасында тұрғын үйдің өртенуі жайлы қайғылы оқиғаның хабарланғанын әңгімелеп береді. Балалармен: «Өрттілсіз жау», «Өрт-қайғылы оқиға», «Өрттің шығу себептері», «Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі» тақырыбында әңгіме жүргізеді.

Өтіп жатқан тақырыпқа сәйкес көркем әдебиет оқу, дидактикалық ойындар немесе жаядаяттарды ойнау, мультфильм көру және мультфильм сюжеті бойынша әңгімелесу, компьютерлік ойын тапсырмаларын орындау, шығармашылық тапсырмалар арқылы балалардың алған білімдерін бекіту төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын игеруге ықпал етеді.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ҚОРҒАЛУЫ

Мектепке дейінгі ұйымның басшысы өзінің қызметінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуде терроризмнің пайда болуын ескерту мен онымен күресуде басшылыққа алатын мынадай құжаттарды білуі қажет:

- Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-І заңы;

- Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V заңы (13.06.2017 ж. өзгерістерімен және толықтыруларымен)

- «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысы.

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғаудың алдын алу үшін жылдық жұмыс жоспарына мектепке дейінгі ұйым ұжымының құқық қорғау органдарымен, Аудандық ішкі істер бөлімі, Азаматтық қорғаныс және Төтенше жағдайлар өкілдерімен, күзет кәсіпорындары басшыларымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерімен кездесулер; терроризм, экстремизм мәнін ашатын тақырыптарға әңгімелесулер, пікірталастар енгізілуі тиіс.

Ол үшін бақылау тәртібін және күнделікті бекітілген территория қоршауларының, қолда бар және салынып жатқан (жөндеуден өтіп жатқан) ғимараттардың, азық-түліктер мен мүліктердің тасып әкелінуін, спорт залдары мен басқа да үй-жайлардың жай-күйін тексеруге жауапты қызметкерлерді анықтау қажет. Мектепке дейінгі ұйымға техникалық қызметкер ретінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге, басқа да қызмет көрсетуге жұмысқа қабылдаған кезде мекен-жайы тіркелмеген күдікті тұлғалардың мәліметтері мұқият тексерілуі тиіс. Қандай да бір жұмыс жүргізуге келген адамдарды олардың жүргізетін қызметінің аясынан шықпауын қадағалау. Басшы олардың қызметін бақылауды және тексеруді, белгіленген тәртіп талаптарының орындалуын мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінен жауапты адамдарға жүктеуі тиіс. Мектепке дейінгі ұйым педагогтері жұмыс күні басталар алдында ұйымдастырылған оқу қызметі өтетін, балалар серуендейтін орындарда алдын ала жарылғыш және басқа да қауіпсіз заттардың болмауын тексерулері қажет.

Барлық бұқаралық іс-шараларды алдын ала аймақтың Ішкі істер департаментімен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және терроризмге қарсы қорғалу мәселелері келісілгеннен кейін өткізу, қалаға шығумен байланысты іс-шараларды өзінің ауданының Жол-патрульдік қызметімен келісу. Қалаға шығу іс-шаралары кезінде балаларды қорғау үшін мектепке дейінгі ұйымға қызмет көрсететін полиция және күзет кәсіпорынының қызметкерлерін міндетті түрде тарту, осындай әрбір топпен мобильдік байланыста болу талап етіледі.

Іс-шараларды өткізуде қауіпсіздікті, терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету шараларын қолдану үшін объектілердің терроризмге қарсы

қорғалуы Типтік паспорты басшылыққа алынады. Басшы өзі лауазымды тұлғаларға, іс-шараны қамтамасыз ететін қызметтің бекітіліп берілген бөлігіне жауапты тұлғаларға, осы іс-шараға тікелей қатысатын ата-аналарға нұсқау жүргізуі тиіс. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымның аумағына автокөліктің кіруіне тыйым салу.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі ұйымда балалар мен қызметкерлерді жаппай кіргізу мен шығарудың рұқсатнамалық тәртіптемесі белгіленген. Келушілермен, соның ішінде тексеруге келген тұлғалармен сөйлесу олардың жеке басын куәландыратын құжаттарын және тексеру құқығын растайтын бұйрықтың болуын тексеруден басталуы қажет. Кіруге рұқсат етуге өкілеттігі бар лауазымды тұлғаның рұқсатынан кейін олар мектепке дейінгі ұйымға кіреді.

Келушілерге мектепке дейінгі ұйымның аумағын бақылаусыз аралауға, өздерімен әкелген қандай да бір заттарды тастап кетуге рұқсат етілмейді. Күдікті заттар: иесіз (ұмытылып) қалған, бөгде заттар табылған жағдайда – оларға тиіспей, дереу балабақша әкімшілігіне (әкімшілік полицияға хабарлайды) хабарлау.

Төтенше жағдайлардағы шығатын есіктер ерекше бақылауға алынуы, олар жарамды жағдайда, жабық күйінде ұсталынуы тиіс. Адамдар мен мүліктерді шұғыл эвакуациялау қажет болған жағдайда кілттерді сақтау тәртібін анықтау. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері балабақша ішінде жүрген бейтаныс адамдарға назар аударып, олардың келу мақсатын сұрау, мүмкіндігінше құжаттарын тексеруге құқығы бар. Балабақша ауласындағы күдікті адамдарға және кез-келген оғаш оқиғаларға қызметкерлер мен балалар назар аударулары тиіс.

Күзет агенттігі қызметкерлері күн сайын балабақша территориясы мен үй-жайларды күдікті заттарды байқау мақсатында аралауды және қарауды жүзеге асырады. Күзеттің жағдайын бақылау, оларға тисті күзет қызметін орындауды талап ету. Күзет кәсіпорын басшылығынан күзетшілердің қызметті келісім шарт міндеттемелеріне сәйкес орындауына үнемі бақылау жүргізу талап етілуі қажет.

Ата-аналардың мектепке дейінгі ұйымға келуі, балаларды топқа ертіп баруы және күту орыны; балаларды үйге жіберу тәртібі, қандай да бір себептермен ата-аналардың кешігуі ретке келтірілуі тиіс.

Террористік актілердің дайындалу белгілері немесе өткізілу мүмкіндігі байқалған жағдайлар туралы, барлық төтенше оқиғалар туралы дереу құқық қорғау органдарына, аудандардың Ішкі істер департаментінің кезекші бөліміне хабарлау қажет.

Тәрбиеші жарылғыш құрылғыға ұқсас затты байқағанда:

- күдікті заттарды табу мақсатында бөлмелерді аралап, қарауы (дәретхананы, қабылдау, топ, жатын бөлмелерді);

- күдікті затты байқаған жағдайда балабақша әкімшілігіне (телефонмен) хабарлауы және мектепке дейінгі ұйым ғимаратына ешкімді кіргізбеуі тиіс.

Жарылғыш құрылғының бар болуын көрсетуі мүмкін белгілер: табылған затта сымдардың, жіптердің болуы; заттан күдікті дыбыстардың, сағаттың

тырсылының естілуі; заттан бадамға тән иістің немесе басқа ерекше иістің шығуы.

Күдікті зат тапқан жағдайда қойылатын қауіпсіздік талаптары.

Іс-қимылдар:

- табылған затқа тиіспеу, көтермеу, орнынан қозғамау;
- жарылғыш құрылғыны өз бетінше минадан арылтуға немесе оларды басқа орынға апаруға тырыспау;
- бұл заттың жанында родио байланыс құралдарын және мобильді телефондарды қолданбау;
- күдікті заттың табылғандығы туралы дереу мектепке дейінгі ұйым әкімшілігіне хабарлау;
- күдікті заттың табылған уақыты мен орнын жазып қою;
- мүмкіндігінше күдікті заттың қорғалуын қамтамасыз ету.

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінің жарылғыш құрылғыға ұқсас заттың табылғандығы туралы хабарламаны алғаннан кейінгі іс-қимылдары: Табылған заттың белгілері бойынша жарылғыш құрылғы екендігіне көз жеткізу.

Күдікті заттың табылғандығы туралы дереу құқық қорғау органдарына хабарлау. Тұрақты құрам мен балаларды балабақша ғимаратының қауіпті аймағынан құтқарып, қауіпсіз орынға көшіруді ұйымдастыру қажет.

Бұдан әрі құқық қорғау органдары өкілдерінің нұсқауы бойынша әрекет ету.

Телефон арқылы террористік актінің жасалу қаупі туралы хабар алған кездегі іс-қимылдар:

- телефон арқылы қауіп төнген кезде «Террористік сипаттағы қорқыту мазмұндағы хабарламаны телефонмен қабылдау тәртібіне» сәйкес әрекет ету керек;
- әрбір келіп түскен телефон қоңырауына жауап беру;
- төніп тұрған қауіп туралы өзінің әріптесіне хабар беруге тырысу, мүмкіндігінше ол басқа аппаратпен № 112 телефон арқылы полицияның жедел кезекшісіне хабарлауы тиіс;
- автоматты нөмір анықтаушы бар болса, анықталған телефон нөмірін кездейсоқ жоғалтып алмау үшін, дәптерге жазып қою;
- дыбыс жазатын аппаратураны пайдаланған кезде айтылған әңгімені жазып алу және кассетаны (шағын диск) бірден шығарып алып, оның сақталуын қамтамасыз ету. Оның орнына міндетті түрде басқасын салып қою.
- телефон арқылы алынған ақпаратты құқық қорғау органдарына және мектепке дейінгі ұйым меңгерушісіне хабарлау;
- қажет болған жағдайда балаларды және мектепке дейінгі ұйымның тұрақты құрамын эвакуация жоспарына сәйкес қауіпсіз жерге көшіру;
- жедел – тергеу тобының, кинологтардың және тағы басқалардың кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Жарылыс қаупі туралы телефон хабарламасын қабылдағаннан кейінгі іс-қимылдар:

- сабырлы, сыпайы болып, сөйлеп жатқан адамның сөзін бөлмеу;
- аппараттың сапасыз жұмыс істеп тұрғанын меңзеп, әңгімені жазып алу;

- сөйлесіп болған соң телефон тұтқасын қоймаңыз.

Құқық қорғау органдарына мына мәліметтер көмектеседі:

- әңгіменің мазмұны;

- қоңырау шалушының жынысы, жасы және оның сөйлеу ерекшеліктері:

- дауысы (қатты, ақырын, төмен, жоғары);

- сөйлеу қарқыны: жылдам (баяу);

- сөздерді айтуы: анық, кекештеніп сөйлейді, сақауланып сөйлейді, акцентпен немесе диалектпен сөйлейді;

- сөйлеу мәнері: дөрекі, келемеждеп сөйлейді, сөйлегенде балағат сөздерді қолданады.

- дыбыстық шу (автомашина немесе темір жол көлігінің, теле немесе радиоаппаратураның шуы, дауыстар, т.б.);

- қоңырау сипаты (қалалық немесе ұялы телефон);

- әңгіменің нақты басталу уақыты және оның ұзақтығы;

- мына сұрақтарға жауап беру: бұл адам қайда, кімге, қандай телефонмен хабарласты; қандай талаптар қояды; делдал рөлінде немесе қандай да бір топтың адамдарының атынан сөйлейді; ол адаммен қалай және қашан байланысқа шығуға болады?; кімге бұл қоңырау туралы хабарлауға болады?

Башылық шешім қабылдау үшін қоңырау шалған адаммен барынша ұзақ уақыт сөйлесу қажет.

Террористер адамдарды кепілге алған жағдайда

Терроризм кезінде кепілге адам алады. Көбінесе қарақшылардың құрбандары қорғансыз балалар, әйелдер мен қарттар болып табылады.

Алдын алу шаралары :

- қырағылықты арттыруға;

- кіргізу тіртібін қатаң сақтауға;

- бақылау жүйесін және түрлі белгілерді орнатуға;

- мектепке дейінгі ұйым қызметкерлеріне нұсқау берілуі және төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарды үйретуге бағытталуы тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымның әрбір қызметкерінің бірінші міндеті балалардың өмірін сақтау болып табылады.

Адамдарды кепілге алған жағдайдағы іс-қимылдар:

- дереу қажетті орындарға және мектепке дейінгі ұйым меңгерушісіне хабарлау (көрінетін жерде жедел көмек шақыру телефондарының нөмірі көрсетілген тақтайшалар ілінуі тиіс);

- өз бастамасымен террористермен сөйлеспеуі тиіс;

- адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірумен байланысты болмаса, қажет болса шабуылдаушылардың талаптарын орындау, айналасындағы адамдардың өміріне және өзінің жеке өміріне қауіп төндірмеу үшін террористерге қарсы келмеу;

- террористерді қару қолдануға итермелемеу.

Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің төтенше жағдайлардағы іс-қимылдары:

-мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі балаларды көшіруді ширақ басқаруы тиіс, айғай-шуға және тәртіпсіздікке жол берілмеуі, қауіп-қатер кезінде балалардың қалыпты өмірін қамтамасыз ету үшін қажетті қорғаныс құралдарымен жабдықтау.

-тәрбиешілер мен тәрбиешінің көмекшілері балаларды киіндіріп, топтан алып шығады, балаларды дауыстап түгендейді.

Егер сіз кепілге алынсаңыз не істеу керек?

-айғай-шу көтермеу;

-күзетшілерден оқуға, жазуға, жеке гигиена құралдарын пайдалануға рұқсат сұрау;

-егер телефонмен туған-туысқандарымен сөйлесуге рұқсат берсе жыламай, айғайламай, қысқа маңызды мәліметті ғана айту;

-кейде шабуылдаушыларға кепілге алынған адамдардың сұрақтарына жауап беруге қатаң тыйым салынады, мұндай жағдайда өз-өзіңізбен сөйлескендей болып, өлең оқыңыз немесе ақырын ән айтыңыз;

-егер мүмкіндік болса, міндетті түрде жеке гигиена ережелерін сақтаңыз. Күн сайын тісін тазалауды, қырынуды тоқтатқан адам, моральдық тұрғыдан төмендеп кетеді;

- бөлме кеністігі мен күш-қуатыңыз мүмкіндік берсе, дене шынықтыру жаттығуларын жасаңыз;

-ешқашанда істің сәтті аяқталуынан үмітіңізді үзбеңіз.

ЖЕДЕЛ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ

Жедел психологиялық көмек – төтенше жағдайлар ошағында зардап шеккендерге немесе төтенше, экстремалды жағдайлардан кейін жуық арада көрсетілетін қысқа мерзімді іс-шаралар жүйесі.

Дағдарыстық араласудың негізгі мақсаттары зардап шеккендердің жай-күйін тұрақтандыру, дистресстің өткір белгілерін жоюды немесе жеңілдетуді және тәуелсіз жұмыс істеуді қалпына келтіру.

Мамандар психологиялық көмек көрсету қызметін ұйымдастырудың қажеттілігін көрсете отырып, апат орын алған жерде тікелей ерте кезеңде психологиялық көмек алған зардап шеккендер психологиялық асқынулардан аз зардап шегетіндерін белгілейді.

Ең бірінші көмекті кімге көрсету қажет?

Әдетте, төтенше жағдайлар кезінде көп адам зардап шегуі мүмкін: өздері тікелей зардап шекпесе де, олардың жақындары зардап шегеді; айналасындағылардың жай-күйінен қатты әсер алғандар, яғни «қайта зардап шеккендер» де болады. Сондықтан психологиялық көмекке мұқтаж адамдарды түрлі топтарға бөліп алған дұрыс.

Зардап шеккендер арасынан тәуекел тобын – ең бірінші кезекте психологиялық көмекке зәру топты анықтап алу қажет.

Оларға:

- төтенше жағдай ошағында қалып қойған адамдар (мысалы үйінділер астында қалғандар);
- қолдау көрсететін жақындары жоқ адамдар;
- жақындарынан айырылған, сонымен қатар күрделі ауруларға шалдыққандар (жүрек, т.б. психосоматикалық аурулар);
- апат орнында болып, бірақ зардап шекпеген адамдар жатады. Олар құрбан болғандармен бетпе-бет келуіне байланысты аффект жағдайында болады, көп сөйлеп, әр түрлі қимылдар жасайды.

Ірі төтенше жағдайлар кезінде маманның міндеті – осындай адамдарды анықтап алып, олардың белсенділігін басқа арнаға жұмсап, қолынан келетін тапсырма беру. Егер мұндай мүмкіндік болмаса, кез келген сылтауды пайдаланып, оқиға болған жерден адамдарды таратып жіберу қажет.

Жедел психологиялық көмектің мазмұны мен әдістері төтенше жағдайлар сипатына, оның жарақаттау әсеріне (жол-көлік оқиғасы, табиғи және техногендік сипаттағы апат, террорлық актілер, қаруланған қақтығыстар) тікелей байланысты, жедел психологиялық көмек көрсету жалпы жағдайлар ескерілуі тиіс

Зақым алу оқиғасына реакция балалардың жеке және жас ерекшеліктеріне байланысты болады.

Психологиялық зақым алу оқиғаларын басынан өткізген балалармен жүргізілетін жұмыстың негізгі әдістері:

- *ойындар*, баланы зақымдық күйзелістен арылту қажет, ойын процесінде бала шынайы қоршаған ортадағы проблемалық жағдайды дұрыс бағалай алады, бақылау сезіміне ие болады. Ойын психологиялық түзету мақсатында балалармен жұмыс кезінде қолданылады, ойынға қатысу қобалжуды, үрейді төмендетуге, қарым-қатынас жасауда кедергілерді еңсеруге ықпал етеді.

- *арт – терапия* көркем шығармашылық арқылы психологиялық әсер ету. Бейнелеу, ойын әрекетін бала үшін қауіпсіз және табиғи іс-әрекеттің түрі ретінде қарастыруға болады. Арт-терапия процесінде бала қайта күйзелісті бастан кешіреді, өз абыройын сезінуін қалпына келтіруге көмектеседі. Жекелеген жағдайларда эмоционалдық жай-күйіне оң әсер беретін бірнеше – ақшыл көк, жасыл және сары түстер ұсынылады.

- балалармен жұмыс кезінде ең тиімді әдіс *метафораларды, оқиғаларды, ертегілерді* қолдану болып табылады. Оларды дайын нұсқада ұсынуға болады және сондай-ақ баланың өзі шығарып, айта алады. Мұндай жұмыс түрі проблеманы жарақатпен тікелей жанаспай жанама нысанда білдіруге мүмкіндік береді және сондай-ақ сол уақытта қайта уайымдауға, алаңдауға, травматикалық тәжірибеге жаңа мағына беруге мүмкіндік береді, нәтижесінде оны толғандыратын мәселеге жаңа көзқарас қалыптасады, оның оңтайлы шешімінің нұсқаларын түсінуге әкеледі (Гордон Д., Миллс Дж., Кроули Р., Трубицина Л.В.).

Тәуекел тобындағы құрбандар мен зардап шеккен адамдарға алғашқы көмекті құтқару қызметінің өкілдері, психологтар, волонтерлер көрсетуіне байланысты апат ошағында тікелей басшылық ететін ұсыныстарды келтіреміз:

- зардап шегуші өзін бұл жағдайда жалғызбын деп сезінбеуі керек. Зардап шеккен адамның жанына келіп, «Мен жедел жәрдем келгенше, сіздің қасыңызда боламын» деп айту керек. Сонымен қатар зардап шегушіге болған оқиға туралы айтып, «жедел жәрдемнің» жолда келе жатқанын білдірген жөн.

Жедел психологиялық көмек көрсету бойынша жұмыстың аяқталу мүмкіндігі тұлғаның жай-күйін қалпына келтіруді, жағдайды, мінез-құлқын бақылау сезіміне ие болуды куәландырады. Ауыр зақым алу оқиғаларынан кейін адамның қалпына келуіне уақыт керектігін, кейіннен алған зақымын уайымдауы табиғи динамикалық процесс түрінде көрінеді.

Осылайша, ерекше психикалық жағдайда жүрген адамдармен қарым-қатынаста қалыптастыруды және қолдауды қажет ететін сындарлы қарым-қатынас дағдысы үлкен маңызға ие болады.

ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері осы салада өз жұмыстарында әр түрлі әдістерді қолданады: балалармен және ата-аналармен әңгімелесулер, көркем әдебиетпен таныстыру, ойындар (сөздік, дидактикалық, үстел үсті, қозғалыс, сюжетті-рөлдік, театрландырылған), мектепке дейінгі ұйым және оны қоршаған территория бойынша экскурсиялар, бақылау, берілген жағдаяттарды модельдеу, тақырыптық ойын-сауықтар.

Ата-аналармен негізгі жұмыс түрлері:

1) *ақпараттық-танымдық*:

- кеңестер;
- ата-аналар жиналысы;
- дөңгелек үстел;
- семинар – практикум

2) *көрнекі – ақпараттық*:

- ұсынымдар;
- буклеттер;
- стендтер, мысалы, «Қауіпсіздік әліппесі», «Маңызды ережелер – қауіпсіз ережелер» болып табылады.

Балалар қиын жағдайларда өздерін ұстай білуі, дұрыс шешім қабылдай алуы, ауыр зардаптардан құтылу, қауіпті жағдайда абыржымау үшін дағдылары мен білім, біліктерін қолданып, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін білуі тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балаларда қауіпсіз мінез-құлық негіздерін тәрбиелеу балабақша мен отбасының белсенді түрде жүйелі өзара әрекетінде: тақырыптық Ашық есік күндері, проблемалық жағдаяттарды шешу («Көше күтпеген оқиғаларға толы», «Әлем тамаша және қауіпті»), тренингтер; альбомдарды рәсімдеу («Қауіпсіздік әліппесі», «Үйдегі қауіпті заттар»), көлөнер бұйымдары мен сурет көрмесі («Бағдаршам-біздің досымыз», «Қауіпті жануарлар»); дөңгелек үстелдер, саяхаттар, бірлескен ойын-сауықтар арқылы мүмкін болады. Педагогтар мен ата-аналардың бірлескен жұмысы нәтижесінде балалар тұрмыста, табиғатта, қала көшелерінде ұқыпты және сақ болады, адам және қоршаған орта үшін қауіпсіз мінез-құлық негіздерін таниды.

Қорытынды: Отбасымен ойланып істелген жұмыс түрлері өзінің оң нәтижесін береді: балалар өзінің жетістіктеріне қуанады, жағымды эмоциялар алады. Ата-аналар мінез-құлық ережелерін өздері сақтамайтын болса, онда баладан қандай да бір мінез-құлық ережелерін орындауды талап етулеріне болмайтынын сезінулері маңызды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтер қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым негіздерін қалыптастыру бойынша жұмысты жүйелі түрде ұйымдастырады. Бұл жұмыс әрекеттің әр түрлерінде: ұйымдастырылған оқу қызметінде, ойын және дербес әрекетте, ересектермен бірлескен жұмыс барысында жүзеге асады.

Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін игеру бойынша жұмыста Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану зор мүмкіндіктерді ұсынады.

Компьютерлік техниканы қолдану білім беру қызметін түрлендіруге, оны айқын, көрнекті, мазмұнды етуге мүмкіндік береді. Мультимедиялық презентацияларды қолдану балаларға шынайы өмірдің оқиғалары мен құбылыстарын көрсетуге, нәтижесінде қоршаған ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Балаларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруда ата-аналар маңызды рөл атқарады. Педагогтер мен ата-аналардың бірлескен жұмысы нәтижесінде балалар тұрмыста, табиғатта, қала көшелерінде ұқыпты және сақ болуды үйренеді, адам үшін және қоршаған орта үшін қауіпсіз мінез-құлық негіздерін игереді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңы (13.06.2017 ж. өзгерістерімен және толықтыруларымен).
2. Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-І Заңы.
3. «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысы.
4. Авдеева, Н. Н. Безопасность: учебное пособие по основам безопасности жизнедеятельности детей старшего дошкольного возраста/Н. Н. Авдеева, О. Л. Князева, Р. Б. Стёркина. - М.: АСТ, 1998.
5. Аكوпова, Э.С. Физическое воспитание на основе обеспечения безопасной жизнедеятельности детей дошкольного возраста/
6. Аكوпова Э. С., Мансарлийская Л. Ф., Тюрикова С. В. // Управление качеством дошкольного образования: сборник научно-методических материалов-М.,2004.-С.43-44.
7. Белая, К. Ю. Как обеспечить безопасность дошкольников: книга для воспитателей детского сада и родителей / К. Ю. Белая, В. Н. Зимовина.-М.: Просвещение, 1998.
8. Козлова, С. А. Нравственное воспитание дошкольников в процессе ознакомления с окружающим миром/ С. А. Козлова. – М. , 1998.
9. Мартынов, С. М. Здоровье ребёнка в ваших руках / С. М. Мартынов / Советы практического врача – педиатра: книга для воспитателей и родителей. - М.: Просвещение, 1991.-С.123-160.
- 10.Обеспечение жизнедеятельности людей в чрезвычайных ситуациях: учебное пособие-СПб. : Детство-пресс, 2004.
- 11.Степаненкова, Э. Я. Дошкольникам о правилах дорожного движения: пособие для воспитателей детского сада / Э. Я. Степаненкова, М. Ф. Филенко.- М.: Просвещение, 1999.
- 12.Хромцова, Т. Г. Воспитание безопасного поведения в быту детей дошкольного возраста/ М.: Педагогическое общество России, 2005.
- 13.Ожегов, С.И. Словарь русского языка [Текст] / С. И. Ожегов - М.: Просвещение, 2009. — 582 с
- 14.Алексеенко, В.А. Основы безопасности жизнедеятельности [Текст] / В.А. Алексеенко, И.Ю. Матасова/ Ростов-на-Дону: Феникс, 2008 - 320 с.
- 15.Мошкин, В.Н. Безопасность ребенка: Методические рекомендации/ В. Н. Мошкин. — Барнаул: АГИК, 2007. — 128 с.

МАЗМҰНЫ

1. Түсіндірме жазба.....	4
2. Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастырудың негізгі әдістері мен құралдары.....	6
3. Балаларды көшедегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына баулу.....	8
4. Балаларға өрт қауіпсіздігі қағидаларын үйрету.....	12
5. Мектепке дейінгі ұйымдардың терроризмге қарсы қорғалуы.....	14
6. Жедел психологиялық көмек көрсету.....	19
7. Қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру бойынша ата-аналармен жұмыс түрлері.....	21
8. Қорытынды.....	22
9. Пайдаланылған әдебиеттер.....	23